

**«АТФБанк» акционерлік қоғамының
үшінші облигациялық бағдарламасының шегінде
облигацияларды бірінші шығару**

ПРОСПЕКТІСІ

Облигациялар түрі: қамсыздандырусыз атаулы купондық облигациялар.
Облигациялар саны: 20 000 000 (жиырма миллион) дана.

Шығару көлемі: 20 000 000 000 (жиырма миллиард) теңге.

Эмитенттің қысқаша атауы: «АТФБанк» АҚ.

Облигациялар шығарылымын уәкілетті органның мемлекеттік тіркеуден өткізуі проспектіде сипатталған облигацияларды сатып алуға қатысты инвесторларға қандай да бір ұсыныстардың жасалуын білдірмейді. Облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеуден өткізген уәкілетті орган осы құжатта мазмұндалған ақпараттың растығына жауап бермейді. Облигациялар шығарылымының проспектісі Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарына сәйкестігі жөнінде ғана қарастырылды. Эмитенттің лауазымды тұлғалары осы проспектіде мазмұндалған ақпараттың растығына жауап береді және онда ұсынылған бүкіл ақпарат шынайы және инвесторлардың эмитент пен оның облигациялары туралы пікірін шатастырмайтын мәлімет болып табылатынын растайды.

1. Осы облигациялар шығарылымы «АТФБанк» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – «Эмитент») үшінші облигациялық бағдарламасының проспектісіне сәйкес жүзеге асырылады.

2. Облигациялық бағдарлама туралы мәліметтер:

1) облигациялық бағдарлама проспектісін мемлекеттік тіркеу күні:

көрсетілмейді, өйткені облигациялардың бірінші шығарылымының проспектісі уәкілетті органға мемлекеттік тіркеуден өткізу үшін Эмитенттің үшінші облигациялық бағдарламасының проспектісімен бір мезгілде ұсынылады;

2) шығарылым шеңберінде жүзеге асырылатын облигациялық бағдарламаның ақшалай көріністегі көлемі:

50 000 000 000 (елу миллиард) теңге;

3) облигациялар шығарылымының реттік нөмірі:

облигациялар шығарылымы Эмитенттің үшінші облигациялық бағдарламасының шеңберінде бірінші болып табылады;

4) облигациялардың алдыңғы шығарылымдары туралы мәліметтер (шығарылымның уәкілетті органда тіркелген күні, облигациялар саны, номинал құны бойынша шығару көлемі және бұл облигациялық бағдарламаның шегінде әрбір шығарылым бойынша жеке орналастырылған облигациялардың саны):

қолданылмайды, облигациялар шығарылымы Эмитенттің үшінші облигациялық бағдарламасының шеңберінде бірінші болып табылады;

5) облигациялық бағдарламаның шеңберінде бұрын шығарылған облигациялармен олардың ұстаушыларына берілетін құқықтар, соның ішінде шектеулерді бұзу кезінде іске асырылған (ковенант) және ұстаушылармен ұстаушылардың бұл құқықтарын іске асыру тәртібін көрсетумен жасалған бағалы қағаздарды сатып алу-сату шарттарымен көзделген құқықтар:

қолданылмайды, облигациялар шығарылымы Эмитенттің үшінші облигациялық бағдарламасының шеңберінде бірінші болып табылады.

3. Шығарылым құрылымы

1) облигациялар түрі: Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша шығарылатын қамсыздандырылған атаулы купондық облигациялар;

2) шығарылатын облигациялардың саны және облигацияларды номинал құны бойынша шығарудың жалпы көлемі:

шығарылатын облигациялардың саны – 20 000 000 (жиырма миллион) дана;

облигацияларды номинал құны бойынша шығарудың жалпы көлемі – 20 000 000 000 (жиырма миллиард) теңге;

3) бір облигацияның номинал құны: 1 000 (бір мың) теңге;

4) облигациялар бойынша сыйақы:

▪ **облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесі:**

облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесі облигациялар айналысының барлық мерзіміне тұрақты болып табылады және облигациялардың номинал құнынан жылдық 8,5 (сегіз бүтін оннан бес) пайызды құрайды;

▪ **сыйақыны есептеудің басталатын күні:**

облигациялар бойынша сыйақы есептеу облигациялар айнала бастаған күннен басталады. Сыйақы есептеу облигациялар айналыста болатын барлық кезеңнің ішінде жүргізіледі және облигациялар өтелетін күні аяқталады;

▪ ***сыйақыны төлеудің кезеңділігі және күндері:***

облигациялар бойынша сыйақы төлеу облигациялар айналыста болатын барлық мерзімнің ішінде облигациялар айнала бастаған күннен бастап әрбір 6 (алты) ай аяқталғаннан кейін жылына 2 (екі) рет жүргізіледі. Сыйақы оны алуға құқығы болатын және ол үшін сыйақы төлеу жүзеге асырылатын кезеңнің соңғы күннің басына Эмитенттің бағалы қағаздарын ұстаушылардың жүйесінде тіркелген тұлғаларға төленеді (Эмитенттің бас офисінің орналасқан жеріндегі уақыт бойынша) - «Тіркелген күні»;

▪ ***сыйақыны төлеудің тәртібі мен шарттары (егер инвестор Қазақстан Республикасының резидент емесі болып табылса, төлеу валютасы мен айырбастау бағамы көрсетіледі)***

сыйақы төлеу Тіркелген күннен кейінгі күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінің ішінде облигацияларды ұстаушылардың ағымдағы шоттарына ақша аудару жолымен теңгемен жүргізіледі. Облигация ұстаушылардың тізілімі тиісті купондық кезеңнің соңғы күнінің басына тіркеледі.

Төлем күніне сыйақы номинал құны мен купондық сыйақының жартыжылдық мөлшерлемесінің көбейтіндісі ретінде есептеп шығарылады. Үтірден кейінгі белгілердің саны және дөңгелектеу әдісі «Қазақстан қор биржасы» АҚ ішкі құжаттарына сәйкес анықталады.

Сыйақыны соңғы төлеу облигациялар бойынша борыштың негізгі сомасын төлеумен бір мезгілде жүргізіледі.

Барлық төлемдерді (сыйақыны және негізгі борыштың сомасын төлеуді) Эмитент қолма-қол ақшасыз тәртіппен, Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында (теңге) жүзеге асырады.

Егер облигацияларды ұстаушы Қазақстан Республикасының резидент емесі болатын болса, облигациялар бойынша сыйақы төлеу мұндай облигацияларды ұстаушының Қазақстан Республикасының аумағында теңгелік банк шоты бар болған жағдайда теңгемен жүргізілетін болады;

▪ ***сыйақыны есептеу үшін қолданылатын уақыт кезеңі:***

облигациялар бойынша сыйақы төлеу облигациялар айналыста болатын бүкіл мерзімнің ішінде жылдағы 360 (үш жүз алпыс) күн және айдағы 30 (отыз) күн уақыттық базасы есебінен жүргізілетін болады;

▪ ***индекстелген облигацияларды шығару кезіндегі есеп айырысулар тәртібі:***

қолданылмайды, өйткені облигациялар индекстелген болып табылмайды;

▪ ***егер сыйақы мөлшерлемесі тіркелген болып табылмайтын болса, оның мөлшерін анықтау тәртібі көрсетіледі:***

облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесі облигациялар айналыста болатын бүкіл мерзімге тіркелген болып табылады;

5) облигациялардың айналуы және өтелуі туралы мәліметтер:

▪ ***облигациялар айнала бастаған күн:***

облигациялар айнала бастаған күн «Қазақстан қор биржасы» АҚ бағалы қағаздарының ресми тізіміне облигациялардың енгізілген күні болып табылады;

▪ ***облигациялардың айналу мерзімі:***

облигациялар айнала бастаған күннен бастап 5 (бес) жыл;

облигацияларды өтеу шарттары:

облигациялар облигациялардың теңгедегі номинал құны бойынша облигациялар айналыста болатын кезең аяқталған күннен кейінгі күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінің ішінде соңғы купондық сыйақыны бірге төлеумен ол үшін төлемдер жүзеге асырылатын кезеңнің (Эмитенттің бас офисінің орналасқан жеріндегі уақыт бойынша) соңғы күнінің басындағы жағдай бойынша облигацияларды ұстаушылардың тізілімінде тіркелген облигацияларды ұстаушылардың ағымдағы шоттарына ақша аудару жолымен өтеледі.

Егер облигацияларды ұстаушы Қазақстан Республикасының резидент емесі болатын болса, облигациялар бойынша сыйақы төлеу мұндай облигацияларды ұстаушының Қазақстан Республикасының аумағында теңгелік банк шоты бар болған жағдайда теңгемен жүргізілетін болады;

▪ **облигацияларды өтеу күні (кезеңі):**

облигациялардың айналу кезеңі аяқталған күннен кейінгі күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінің ішінде;

▪ **облигацияларды өтеу жүргізілетін жер (жерлер):**

«АТФБанк» АҚ, Қазақстан Республикасы, 050000, Алматы қаласы, Фурманов көшесі, 100.

▪ **облигацияларды өтеу тәсілі:**

негізгі борыш сомасын өтеу және соңғы сыйақыны төлеу облигацияларды ұстаушылар тізілімінің деректеріне сәйкес облигацияларды ұстаушылардың ағымдағы шоттарына ақша аудару жолымен жүзеге асырылатын болады;

6) облигациялар бойынша қамсыздандыру:

облигациялар қамсыздандырылған немесе ипотекалық болып табылмайды;

7) облигацияларды ұстаушылардың өкілі туралы мәліметтер (атауы, орналасқан жері, телефон нөмірлері, облигацияларды ұстаушылардың өкілінің қызметтерін көрсету туралы шарттың күні мен нөмірі көрсетіледі):

облигацияларды ұстаушылардың өкілінің функцияларын «БТА Банк» акционерлік қоғамының «БТА Секьюритис» еншілес ұйымы» акционерлік қоғамы жүзеге асырады (Қазақстан Республикасы, Алматы, Хусаинов көшесі, 281, тел./факс: 8 (727) 393 73 93, Номинал ұстаушы ретінде Клиенттердің шоттарын жүргізу құқығымен бағалы қағаздар нарығындағы брокерлік және дилерлік қызметке 24.07.2008ж. берілген лицензиясының № 0401201983, 0403200991. Облигацияларды ұстаушылардың өкілі өз функцияларын 2013 жылғы 18 қарашадағы № 01-11-13 Облигация ұстаушылардың мүддесін тапсыру туралы шарттың негізінде жүзеге асырады.

8) тіркеуші туралы мәліметтер (атауы, орналасқан жері, телефон нөмірлері, бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімі жүйесін жүргізу жөніндегі қызметтерді көрсетуге арналған шарттың күні мен нөмірі көрсетіледі):

облигация ұстаушылардың тізілімін қалыптастыруды, жүргізуді және сақтауды жүзеге асыратын тіркеуші – «Бағалы қағаздардың бірыңғай тіркеушісі» Акционерлік қоғамы, орналасқан мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 050000, Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, 141, тел.: +7 (727) 272 47 60, факс: +7 (727) 272 47 60 ішкі 230, Басқарма Төрағасы: Қайрат Тілеуғазыұлы Жакупов, Басқарма Мүшелері: Бақытжан Балтабайұлы Сәрсенов, Арман Болатұлы Мұқанов. Тіркеуші өз функцияларын Бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу жөніндегі Эмитентпен жасалған 2012 жылғы 27 желтоқсандағы № 00652-АҚ Шарттың негізінде жүзеге асырады.

9) облигацияларды орналастыруға қатысатын ұйымдар туралы мәліметтер (облигацияларды орналастыруға қатысатын ұйымдардың атауы, орналасқан жері, тиісті шарттардың күні мен нөмірі көрсетіледі):

қаржылық консультант және андеррайтер: Қазақстан Халық Банкінің «Halyk Finance» еншілес ұйымы» акционерлік қоғамы (Қазақстан Республикасы, 050059, Алматы қаласы, Әл-Фараби даңғылы, 19/1, «Нұрлы Тау» БО, 3Б, 6-қабат; тел: + 7 (727) 244-65-40, факс: + 7 (727) 259-05-93), «Қазақстан қаржыгерлері қауымдастығы» ЗТБ және АО «Қазақстан қор биржасы» АҚ мүшесі болып табылады, бағалы қағаздар нарығындағы қызметті жүзеге асыруға Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі 2008 жылғы 26 желтоқсанда берген № 4.2.92/28 мемлекеттік лицензияның негізінде әрекет етеді. Қаржылық консультант өз қызметін Эмитентпен жасалған 2013 жылғы 05 қарашадағы № н/с Қаржылық консультант және андеррайтер қызметтерін көрсету туралы шарттың негізінде өз функцияларын жүзеге асырады;

10) төлем агенті туралы мәліметтер (оның атауы, орналасқан жері, телефон нөмірлері, тиісті шарттың күні мен нөмірі көрсетіледі):

сыйақы төлеуді және облигацияларды өтеуді Эмитент төлем агентінің қызметтерін пайдаланбай өз бетінше жүзеге асырады.

11) ұстаушысына облигация беретін құқықтар:

- осы Проспектімен көзделген тәртіп пен мерзімде облигацияның номинал құнын алу құқығы;
- осы Проспектімен көзделген тәртіп пен мерзімде тіркелген сыйақыны алу құқығы;
- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, сондай-ақ Эмитенттің ішкі ережелерімен және «Қазақстан қор биржасы» АҚ талаптарымен көзделген тәртіппен Эмитенттің қызметі және оның қаржылық жағдайы туралы ақпарат алу құқығы;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайлар мен тәртіпте облигацияларға қатысты өз талаптарын қанағаттандыру құқығы;
- облигациялар бойынша сыйақыны және негізгі борыштың номинал құнын төлеу жөніндегі міндеттемелерді Эмитенттің орындамауының әрбір күні үшін өсімпұл түрінде тұрақсыздық айыбын төлеуді талап ету құқығы. Бұл ретте облигациялар бойынша сыйақыны және негізгі борыштың номинал құнын төлеу жөніндегі міндеттемелерді Эмитенттің орындамауының әрбір күні үшін өсімпұл түрінде тұрақсыздық айыбы міндеттемелерді немесе оның тиісті бөлігін орындау күні (яғни ол үшін төлем жүзеге асырылатын кезеңнің соңғы күнінен кейінгі күнгі) қолданыста болатын Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми қайта қаржыландыру мөлшерлемесіне орай есептеп шығарылады;
- осы Проспектінің 3 тармағы және 3-2 тармақтарындағы 11-1) тармақшасында белгіленген жағдайларда шығаруға арналған облигациялардың барлығын немесе бөлігін мәлімдеу құқығы;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайлар мен тәртіпте облигацияларға меншік құқығынан туындайтын өзге құқықтар.

Облигация ұстаушылардың облигацияларды мерзімінен бұрын өтеуді талап ету құқығы көзделмеген.

Облигация ұстаушылардың Эмитенттен өзге мүліктік баламаны не өзге мүліктік құқықтарды алу құқығы көзделмеген;

11-1) Эмитенттің облигациялары бойынша дефолт жариялануына мүмкін болатын оқиғалар:

Облигациялар бойынша дефолт – бұл купондық сыйақыны, номинал құнды және соңғы купондық сыйақыны осы Проспектімен белгіленген негізгі борышты немесе купондық сыйақыны төлеу мерзімдері аяқталған күннен кейінгі келесі күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінің ішінде төленбеуі немесе толық емес төленуі.

Эмитенттің осы Проспектімен белгіленген шектеулердің (ковенант) кез келгенін бұзу да дефолтқа теңестіріледі.

Эмитент Бағдарламаның шеңберінде облигациялардың бірінші шығарылымының Проспектісі бойынша өз міндеттемелерінің ішінара немесе толықтай орындалмағаны үшін, егер бұл орындамау қарсы тұруға болмайтын күш жағдайларының салдары болса, жауапкершіліктен босатылады. қарсы тұруға болмайтын күш жағдайлары деп басталуын алдын ала болжап білу немесе болдырмау мүмкін болмаған жағдайлар (табиғат құбылыстары, әскери әрекеттер, уәкілетті органдардың тыйым салушы немесе шектеуші сипаттағы актілері және т.с.с.) ұғынылады. Қарсы тұруға болмайтын күш жағдайлары туындаған ретте Эмитенттің Бағдарламаның шеңберінде облигациялардың бірінші шығарылымының Проспектісі бойынша өз міндеттемелерін орындау мерзімі оның барысында осындай жағдайлар мен олардың салдарлары күшінде болатын уақыт кезеңіне мөлшерлес жылжытылады.

Облигациялар бойынша дефолт басталған жағдайда Эмитент облигацияларды ұстаушылардың пайдасына кешіктірудің әрбір күні үшін ақшалай міндеттемені немесе оның тиісті бөлігін орындау күніндегі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми қайта қаржыландыру мөлшерлемесіне орай есептеп шығарылатын өсімпұлды есептеуге және төлеуге міндетті (яғни, төлем жүзеге асырылған кезеңнің соңғы күнінен кейінгі күніне).

Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген мерзімнің ішінде, ал мұндай мерзім Қазақстан Республикасының заңнамасында болмаған жағдайда – дефолт оқиғасы туындаған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннің ішінде Эмитент мұндай факті жөнінде облигация ұстаушыларды облигация ұстаушылардың өкілін хабарландыру, сондай-ақ Эмитенттің ресми сайтында <http://www.atfbank.kz>, «Қазақстан қор биржасы» АҚ ресми сайтында <http://www.kase.kz>, сонымен қатар «Егемен Қазақстан» және/немесе «Казахстанская правда» газетінде хабар, соның ішінде:

- дефолт фактісі туралы ақпаратты;
- дефолт күніндегі Эмитенттің орындалмаған міндеттемелерінің көлемін;
- міндеттемелердің орындалмау себептерін;
- Эмитентке талаппен жүгіну тәртібі мен мерзімдерін қоса алғанда, облигация ұстаушылардың өз талаптарын қанағаттандыру жөніндегі мүмкін әрекеттерінің тізімін;
- Эмитенттің шешімі бойынша өзге ақпаратты орналастыру арқылы хабарландырады.

Өзге заңды тұлғаға аталған ақпаратты ашуды тапсыру көзделмеген.

Дефолт оқиғасы басталған кезде Эмитент облигация ұстаушылардың құқықтарын қамтамасыз ету мақсатында дефолт оқиғасын тудырған себептерді жою жөніндегі шаралардың Жоспарын жасайды және оны Эмитенттің тиісті органы бекітеді.

Эмитент облигация айналымы кезеңінде (соңғы кезең үшін сыйақы мен негізгі борышты төлеуді қоспағанда) дефолттың бір немесе барлық оқиғалары басталған күннен бастап 60 (алпыс) жұмыс күнінің ішінде дефолт оқиғасын тудырған (қарсы тұруға болмайтын күш жағдайларының салдары болып табылатын оқиғаларды қоспағанда) себептерді жою үшін барлық мүмкін шараларды қабылдауға міндетті («Кейінге қалдыру кезеңі»). Мұндай себептерді көрсетілген кезеңде жоймаған жағдайда, Эмитенттің облигацияларын ұстаушылар Кейінге қалдырудың соңғы күнінен кейінгі күннен басталатын 5 (бес) жұмыс күнінің ішінде өздеріне тиесілі облигацияларды Эмитентке облигацияларды сатып алу туралы талап қою арқылы сатып алуды талап ету құқығына иелік етеді.

Осындай талаптардың бірін алғаннан кейін Эмитент осындай талап алынған күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін болуы тиіс сатып алу күнін белгілейді, және облигацияларды ұстаушылардың облигацияларын алдағы сатып алу күні туралы облигация ұстаушылардың өкілін хабарландыру, сондай-ақ Эмитенттің ресми сайтында <http://www.atfbank.kz>,

«Қазақстан қор биржасы» АҚ ресми сайтында <http://www.kase.kz>, сонымен қатар «Егемен Қазақстан» және/немесе «Казахстанская правда» газетінде хабар орналастыру арқылы хабарландырады.

Эмитент облигация ұстаушылардың талабы бойынша облигацияларды жинақталған сыйақыны ескере отырып облигациялардың номинал құнына сәйкес келетін баға бойынша облигацияларды сатып алуға міндетті.

Эмитент облигациялар бойынша міндеттемелерін орындамаған не лайықсыз орындаған жағдайда Эмитенттің міндеттемелері бойынша ортақ немесе субсидиарлық жауапкершілікті көтеретін тұлғалар – жоқ;

12) Эмитенттің облигациялар шығарылымын мерзімінен бұрын өтеу құқығы:

Эмитенттің облигацияларды мерзімінен бұрын өтеу құқығы көзделмеген;

Облигацияларды Эмитенттің бастамасы бойынша сатып алу:

Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Эмитент ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған нарықтардағы өз облигацияларын Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес олардың айналысының бүкіл мерзімінің ішінде сатып алуға құқылы.

Эмитенттің облигацияларды сатып алу бағасы:

- бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында мәміле жасасқан кезде, «Қазақстан қор биржасы» АҚ-да мәміле жасасу күні қалыптасқан нарықтық құнына орай;
- бағалы қағаздардың ұйымдастырылмаған нарығында мәміле жасасқан кезде – мәміле тараптарының келісімі бойынша анықталады.

Сатып алынған облигациялар өтелген болып саналмайды және Эмитент қайтадан орналастыра алады.

Эмитенттің облигациялар шығаруы олардан облигациялар сатып алынатын облигация ұстаушылардың құқықтарын бұзуға әкеп соқтырмауы тиіс.

Орналастырылған (сатып алынғандарын шегергенде) облигациялардың саны туралы ақпаратты Эмитент «Қазақстан қор биржасы» АҚ-на Эмитент пен «Қазақстан қор биржасы» АҚ арасында жасалған мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздардың листингі туралы шартқа сәйкес ашады.

«Бағалы қағаздар нарығы туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 2 шілдедегі № 461-ІІ Заңының 18-4-бабында көзделген жағдайларда Эмитенттің орналастырылған облигацияларды сатып алу тәртібі:

«Бағалы қағаздар нарығы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 18-4-бабына сәйкес орналастырылған акцияларды сатып алуды Эмитент мынадай жағдайларда:

1. Эмитенттің органы облигациялардың делистингі туралы шешім қабылдаған;
2. Тізбесі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде және қор биржасының ішкі құжаттарында айқындалған ақпаратты қор биржасына ұсыну бөлігінде арнайы (листингтік) талаптарды орындамау себебімен қор биржасы эмитент облигацияларының делистингі туралы шешім қабылдаған;
3. Эмитент облигацияларды ұстаушылардың бұрғыны өкілімен шартты бұзған немесе оның қолданысын тоқтатқан күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен асатын мерзімде облигацияларды ұстаушылардың өкілімен шарт жасаспаған жағдайларда жүргізуі тиіс.

Аталған оқиғалар басталған кезде Эмитент жинақталған сыйақыны ескере отырып облигациялардың номинал құнына сәйкес келетін баға бойынша не облигациялардың әділ нарықтық бағасы бойынша, қай мөлшердің көбірек болуына байланысты орналастырылған облигацияларды сатып алуды жүзеге асыруға міндетті.

Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген мерзімнің ішінде, ал мұндай мерзім Қазақстан Республикасының заңнамасында болмаған жағдайда – осы шарттар тармағында көрсетілген оқиғалардың бірі туындаған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннің ішінде Эмитент мұндай факті жөнінде облигация ұстаушыларды облигация ұстаушылардың өкілін хабарландыру, сондай-ақ Эмитенттің ресми сайтында <http://www.atfbank.kz>, «Қазақстан қор биржасы» АҚ ресми сайтында <http://www.kase.kz>, сонымен қатар «Егемен Қазақстан» және/немесе «Казakhstanская правда» газетінде хабар, соның ішінде:

- Эмитенттің облигациялар шығаруына алып келетін көрсетілген оқиғалардың қайсысының орын алатыны туралы ақпаратты;
- Эмитентке талаппен жүгіну тәртібі мен мерзімдерін қоса алғанда, облигация ұстаушылардың өз талаптарын қанағаттандыру жөніндегі мүмкін әрекеттерінің тізімін;
- Эмитенттің шешімі бойынша өзге ақпаратты орналастыру арқылы хабарландырады;

12-1) Эмитенттің облигация ұстаушыларды өз қызметі және ақпараттың мазмұнын, осындай ақпаратты ашу, соның ішінде облигациялар шығару проспектісімен көзделген шектеулерді (ковенант) бұзу туралы хабарландыру тәртібін, мерзімін және тәсілін көрсетумен қаржылық жағдайы туралы хабарландыру тәртібі:

Эмитенттің қызметі және қаржылық жағдайы туралы ақпарат, соның ішінде ХҚЕС сәйкес жасалған Эмитенттің қаржы есептілігі бойынша аудиторлық есептер Эмитенттің (www.atfbank.kz), «Қазақстан қор биржасы» АҚ (www.kase.kz) ресми сайттарында Эмитент пен «Қазақстан қор биржасы» АҚ арасында жасалған мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздардың листингі туралы шартта көрсетілген мерзім мен тәртіпке сәйкес, және Қаржы есептілігі депозитарийінің www.dfo.kz ресми сайтында Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген мерзім мен тәртіпке сәйкес орналастырылады және тұрақты негізде жаңартылатын болады.

Осы Проспектімен көзделген шектеулерді (ковенант) бұзу туралы хабарландыруды Эмитент осы Проспектінің 3 тармағы 11-1) тармақшасында көрсетілген тәртіппен жүзеге асыратын болады.

13) облигацияларды орналастырудан түскен ақшаны пайдалану туралы мәліметтер:

облигацияларды шығарудан және орналастырудан алынған ақша қаражаттары Эмитенттің қор жинау базасын ұлғайтуға бағытталатын болады. Эмитент өз міндеттемелерін әр тараптандырып, облигацияларды орналастырудан алынған ақша қаражаттарын Қазақстан экономикасының нақты секторын несиелендіруге бағыттауға ниетті. Атап айтқанда, Эмитент Қазақстан Республикасының ірі, орта және шағын бизнес кәсіпорындарын несиелендіруді жалғастыратын болады.

Облигацияларды орналастырудан алынатын ақшаның жоспарланатын бөлінуіне өзгерістер енгізілуі мүмкін жағдайлар басталған кезде Эмитент облигациялар шығару Проспектісінде Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен тиісті өзгертулер және/немесе толықтырулар енгізетін болады.

3-1. Облигацияларды өтеу сәтіне дейін сыйақы төлеудің әрбір кезеңі бөлігінде сыйақы төлеу және негізгі борыш сомасын өтеу үшін қажетті эмитенттің ақша қаражаттары көздері мен ағындарына болжам

Төменде Эмитент негізгі жорамалдарды көрсете отырып дайындаған ақша ағындарының болжамы көрсетілген.

АҚША ҚАРАЖАТТАРЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ БОЛЖАМДЫҚ ЕСЕП

3	2013 ж.	2014 ж.		2015 ж.		2016 ж.		2017 ж.		2018 ж.	
	2П2013	1П2014	2П2014	1П2015	2П2015	1П2016	2П2016	1П2017	2П2017	1П2018	2П2018
Операциялық қызмет бойынша ақша қаражаттарының қозғалысы:	4 981	1 763	8 731	3 638	11 507	7 216	14 814	11 446	18 642	16 093	23 249
таза пайыздық табыс	14 625	7 775	11 771	10 190	15 452	14 353	19 954	19 078	24 044	23 815	28 417
таза пайыздық емес табыс	7 502	5 992	6 564	6 291	7 519	6 606	8 586	6 936	10 246	7 283	12 158
операциялық шығындар	-17 146	-12 004	-9 604	-12 844	-11 464	-13 743	-13 725	-14 568	-15 648	-15 005	-17 326
Кредит қызметтерінен түскен ақша ағыны	67 014	-36 972	-48 678	-13 444	-37 484	-26 579	-65 735	-42 155	-99 566	-61 102	-141 014
Клиенттердің қаржатын жұмылдырғанда түскен ақша ағыны	75 058	34 791	50 195	15 751	37 720	35 260	69 083	51 297	103 449	67 837	159 726
Табыс салығын төлеуге дейінгі таза ақша ағыны	147 053	-417	10 248	5 944	11 744	15 897	18 162	20 588	22 526	22 828	41 962
Төленген табыс салығы	-2 551	265	-1 227	-26	-1 916	-812	-2 658	-1 752	-3 478	-2 759	-4 435
Операциялық қызметтен алынатын таза ақша ағыны	144 502	-152	9 021	5 917	9 828	15 085	15 505	18 836	19 048	20 069	37 526
Қаржылық қызметтен алынатын ақша қозғалысы											
Борыштық бағалы қағаздарды шығарудан алынатын түсім	20 000					20 000	0				
Борыштық бағалы қағаздарды өтеу	-23 260	-45 473			0	-39 284	0		0		-20 000
Басқалары	-21 086	-11 734	-4 828	0	-5 498	15 385	0	0	0	0	0
Қаржылық қызметтен алынатын таза ақша ағындары	-24 347	-57 207	-4 828	0	-5 498	-3 900	0	0	0	0	-20 000
Ақша қаражаттарындағы және олардың баламаларындағы таза өзгеріс	120 155	-57 359	4 193	5 917	4 330	11 185	15 505	18 836	19 048	20 069	17 526
Кезеңнің басындағы ақша қаражаттары және олардың баламалары	108 209	228 365	171 005	175 199	181 116	185 446	196 631	212 136	230 973	250 020	270 089
Кезеңнің соңындағы ақша қаражаттары және олардың баламалары	228 365	171 005	175 199	181 116	185 446	196 631	212 136	230 973	250 020	270 089	287 615

Проспектінің осы тармағында келтірілген Эмитенттің ақша қаражаттары ағынының болжамдары дұрыс емес немесе анық емес болуы мүмкін және жүзеге асыруға мүмкін емес болуы мүмкін, және әртүрлі факторларға, соның ішінде салық талаптарының өзгеруіне (салық ставкаларының

өзгеруін, жаңа салық заңдарын және салық заңнамасының түсіндірмесін қайта қарауды қоса алғанда), пайыздық мөлшерлемелердің, айырбас бағамдарының және басқа нарықтық жағдайлардың өзгеруіне, соның ішінде экономикалық және саяси жағдайлардың өзгерістеріне және перспективалардың басқа белгісіздіктеріне байланысты өзгертілуі мүмкін жорамалдарға, деректерге немесе әдістерге байланысты болады. Эмитент жаңа ақпараттардың, болашақ оқиғалардың немесе өзге негіздемелердің пайда болуы салдарынан осы шығарылым Проспектісінде ашылатын қандай да бір болжамдық деректерді жаңартуға немесе қайта қарауға міндетті емес және ниетті емес. Эмитентке немесе Эмитенттің атынан әрекет ететін өзге тұлғаларға жазылатын перспективалар туралы барлық кейінгі жазбаша немесе ауызша мәлімдеулер және/немесе болжамдар өз тұтастығы бойынша осы эмиссия Проспектісінің бүкіл мәтіні бойынша жазылатын ескертуші мәлімдемелермен шектеледі. Бұл тәуекелдердің, белгісіздіктердің немесе жорамалдардың салдарынан облигацияларды әлеуетті сатып алушылар перспективалар туралы бұл мәлімдемелерге лайықсыз иек артпауы тиіс.

3-2. Эмитент қабылдайтын шектеулер (ковенанттар) (егер бұл Эмитент органының облигациялар шығару туралы шешімімен көзделсе):

- иеліктен шығару күні Эмитент активтерінің жалпы құнының 35 (отыз бес) пайызынан асатын сомаға Эмитент активтерінің құрамына кіретін мүлікті иеліктен шығармау. Бұл ковенантты сақтауды/бұзуды анықтау мақсаттары үшін нәтижесінде Эмитент көрсетілген мөлшерлерден асатын активтер иеліктен шығарылатын бір мәміле немесе өзара байланысты мәмілелер жиынтығы ескеріледі;
- жиынтығында 5 000 000 (бес миллион) АҚШ долларынан (немесе ұлттық немесе басқа шетелдік валютадағы баламасынан) асатын Эмитенттің облигациялар шығаруымен байланысты емес міндеттемелерді орындамау фактілеріне жол бермеу;
- жыл ішінде Эмитенттің шоғырландырылғын таза табысының 50%-нан астам сомаға және бір күнтізбелік жылдың ішінде бір реттен жиі емес дивидендтерді қолма-қол ақшамен немесе өзге тәсілмен төлемеу. Эмитент қандай да бір дефолт оқиғалары туындаған кезде немесе, егер осындай оқиға мұндай төлеумен байланысты туындауы мүмкін болатын жағдайда дивидендтерді қолма-қол ақшамен немесе өзге тәсілмен төлемейді;
- Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген жағдайларды қоспағанда, Эмитенттің құрылтай құжаттарына Эмитент қызметінің негізгі түрлерін өзгертуді көздейтін өзгертулер енгізбеу;
- Эмитент пен «Қазақстан қор биржасы» АҚ арасында жасалған мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздардың листингі туралы шартпен белгіленген жылдық және аралық қаржы есептілігін тапсыру мерзімдерінің бұзылуына жол бермеу;
- Эмитент пен «Қазақстан қор биржасы» АҚ арасында жасалған мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздардың листингі туралы шартпен белгіленген Эмитенттің жылдық қаржы есептілігі бойынша аудиторлық есептерді тапсыру мерзімдерінің бұзылуына жол бермеу.

Шектеу (ковенант) бұзылған кездегі Эмитенттің және облигация ұстаушының әрекеттер тәртібі:

Осы Проспектінің 3-тармағы 11-1) тармақшасына сәйкес дефолтқа Эмитенттің осы Проспектімен белгіленген шектеудің (ковенанттың) кез келгенін бұзу теңестірілетіндіктен, жоғарыда көрсетілген шектеулердің (ковенант) кез келгенінің бұзылуы жағдайындағы Эмитенттің және облигация ұстаушылардың әрекет тәртібі осы Проспектінің 3-тармағы 11-1) тармақшасымен реттеледі.

4. Опциондар туралы ақпарат:

опциондар көзделмеген.

5. Айырбасталатын облигациялар:

облигациялар айырбасталатын болып табылмайды.

6. Облигацияларды орналастыру тәсілі:

1) облигацияларды орналастыру мерзімі мен тәртібі:

облигацияларды орналастыру басталған күн облигациялардың айнала бастаған күні болып табылады. Облигациялар айналуының бүкіл мерзімі ішінде орналастырылатын болады. Облигациялар бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында орналастырылатын болады. Облигацияларды ұйымдастырылған нарықта орналастыру «Қазақстан қор биржасы» АҚ ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырылатын болады.

Облигациялар ұйымдастырылмаған нарыққа орналастырылмайды.

Эмитент облигациялары ұйымдастырылған, сондай-ақ ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығында айналады.


Эмитент облигациялардың айналуына қандай да бір шектеулерді, облигацияларды мүмкін сатып алушыларға қатысты, соның ішінде олардың арасында облигацияларды орналастыру көзделетін адамдар, оның ішінде Эмитенттің байланысты тараптары болып табылатын тұлғаларға қатысты шектеулерді көздемейді.

2) **акцияларға айырбасталатын облигацияларды жазылу жолымен орналастыру кезінде айырбастау шарттары көрсетіледі:**
облигациялар айырбасталатын болып табылмайды.

3) **облигацияларды төлеу шарттары мен тәртібі:**
облигациялар ақшамен қолма-қол ақшасыз нысанда төленеді. Облигацияларды «Қазақстан қор биржасы» АҚ сауда алаңында мамандандырылған саудаларды өткізу жолымен орналастырылған кезде төлем «Қазақстан қор биржасы» АҚ ішкі ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

Басқарма Төрағасы

Бас бухгалтердің м.а.



Энтони Эспина


Етекбаева Е.А.

12

Пронумеровано и пронумеровано
на 48 листах

Председатель Правления
АО «АТФБанк»

Дипчи Делия



13. 25 маусым 2013 ж.

[Handwritten signature]